

Ж.Р. УТУБАЕВ

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ҚӨНЕ БЕКІНІСТЕРДІҢ ТОПОГРАФИЯСЫ

Қоңе дәуірден бері Сырдария төменгі ағысы мен Арал теңізінің шығысы Ұлы Еуразия дала-лық белдеуіндегі малшылар мен Орта Азияның қоңе оазистеріндегі отырықшылар арасындағы тұрақты мәдени және этникалық байланыстардың маңызды аймағы саналды. Бұл өнір халықтардың тарихи жолдарының, көшіп-қонуының және сауда жолының тоғысқан жері іспетті. Дәл осында жартылай көшпелі және отырықшы тайпалардың қоныстары мен бекіністі қамалдары орналаскан.

Ежелгі қала және қамал бекіністерін салушылар қорғаныстың маңыздылығына көп көніл бөлген. Алдымен олар беті тегіс биік жерлерді таңдаپ алған. Осылайша қаланы жау ала алмастай етіп бекінген.

Қабырға қалауларына үйлесімді өртүрлі мерзімдердің қабырғаларынан және тұрғын жайлардан табылған жәдігерлер бекіністердің құрылыштарын және шынайы тарихи құбылыстардың уақытын анықтау үшін стратиграфиялық бағана құруға мүмкіндік береді. Қала дамуының серпіні – қаланың немесе облыстың саяси және өлеуметтік өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан, қорған құрылыштарды зерттеу, басқа археологиялық мәліметтермен толықтыру және текстеру көп жағдайда қала тарихын зерттеудің негізі ретінде қызмет атқарады.

Қала қабырғаларының зерттелуі қаланың архитектуралық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіншілік береді. Қаланың қакмандағы қамал қабырғасы бола тұра, қорғаныс, эстетикалық жағынан айтулы қызмет атқарадан. Әр жердің архитектураларының ұқсастығы олардың мәдени бірегей болғандығының бір дәлелі болып табылады. Қала қабырғаларының тұрғызылуы құрылыш техникасының тұрғысынан оңай шаруа болмаған. Құрылыш әдістерін игеріп, оны салуының өзі құрылыш техникасының деңгейін аныктап береді.

Сондықтан аталмыш өнірлердегі ежелгі бекіністерінің пайда болуы, қалыптасуы мен қорғаныс жүйесі дамуының зандылықтарын зерттеу еліміздің тарихындағы аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады.


Бұл аймакты ғылыми тұрғыдан зерттеу 1937 жылдан С. П. Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық кешенді экспедициясы

жұмысымен тікелей байланысты. Кейіннен зерттеулерді шәкірттері Л. М. Левина, Б. И. Вайнберг, М. А. Итина, Вишневская, Яблонский жаңағастырды.

Сонғы жылдары, 2005 ж. Шірік работ археологиялық экспедициясының далалық зерттеу жұмысымен жалғасты.

Бұл шағын мақалада барлық археологиялық зерттеулер туралы айтып кету мүмкін болмағандықтан тек Сыр бойындағы бекіністі қамалдардың б.з.д. I мыңжылдықта өмір сүргені жайлы баяндамақпаз.

Бұланды бекінісі Қызылорда қаласынан 280 км. онтүстік батысында, Шірік работ қала жұртынан онтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымда орналасқан. Бұланды I бекінісі Інкөрдариядан тартылған канал бойында орналасқан. Координаты: N 44°09'27.3" E 062°22'43.6" ALT 82 (GPS бойынша) 1-сурет. Ескерткіштің көлемі 80x130 м, төртбұрышты, бұрыштары төрт тарапқа бағытталған биік дуалмен қоршалған. Қамал десе де болады. Қабырғалардың қазіргі сакталған биіктігі 3 м. Қамалдың бұрыштары бекініс қабырғасынан сыртқа қарай жартылай шеңберлене шығып тұрған мұнаралармен қүшеттілген. Мұнаралар мен қабырғаларда оқ ату тесіктері (бойнишалар) бар. Оқ ату тесіктерінің биіктігі – 52 см., ені – 31 см. Бір бірінен 1,70 м аракашықтықта орналасқан. Оның айналасында 8-12 үйден тұратын егінші-малшылардың ауылдары орналасқан. Жалпы б.з.д. IV–II ғғ. аралығында Інкөрдарија, Жаңадария, Қуандария бойында тығыз қоныстанған сак-массагет тайпаларының мәдени дамуы жоғарғы сатыға көтерілген болатын. Сондықтан да дәл осы кезеңде тіршілік еткен бұл қала мен оның төнірегіндегі мекен жайларды зерттеу аса маңызды. Қала ішінде және сыртқы қорғанға салынған казбалар қала салу тәсілдерінің біртіндеп жетілгенін көрсетті. Алдымен салынған дуал жұмбаздалған балшықтан өрілсе, көп ұзамай оның үстінен кірпіштен қаланған оқ атар тесіктері бар берік қамал салынаады. Шағын қала іші тұрғын үй, шаруашылық бөлімі және қорғаныс құрылыштарынан тұрған. Кейір зерттеушілердің пікірі бойынша, ол егін шаруашылығымен айналысқан елдің орталығы болған [1].



1-сурет. Бұланды бекінісі

Бұл өнірді 1959 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының барлау отряды ашып, 1960–1961 жылдары барлау қазбаларын жүргізген. Осы зерттеу нәтижесінде Бұланды I бірнеше бөлмелі үлкен ғимарат екені анықталып және де ескерткіш б.д.д. III–II ғғ. жатады деп белгіленген [2].

Кейін бұл аймакқа 2007 ж. Шірік работ археологиялық экспедициясымен қайта жанданып қазба жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары ескерткіштің стратиграфиялық жағдайы мен ішкі құрылышын анықтау үшін ескерткіштің оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөлігінде қазба салынды. Сонымен қатар Бұланды I-дің корғаныс жүйесінің сипатын анықтап жана деректер алуға болды.


Бұл ескерткішке археологиялық зерттеулер жана басталса да бірката тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Қазба материалдары оның алғаш салынған кезі ертерек болғанын дәлелдейді. Атап айтқанда төртбұрышты қам кірпіштер мен түбі қиғаш сүйрленген қыш ыдыстар (Яз II-III типтес) ескерткіштің б.д.д. IV ғ. ортасынан ары салынғанын дәлелдейді. Б.д.д. II ғ. басында, бүкіл Орта Азия жерінде шаршы кірпіш түрлері пайдалады. Оған коса қоныстың ерте кезеңде пайдалады болғанын қорғаныс қабырғалардың ұзақ мерзімде

салынғанын дәлелдейді. Алғашқы кезеңнің қабырғалары сапасы нашар пахсадан салынған. Ол сол кездең құрылышылардың құрылыш техникасын жақсы менгермегендігін көрсетеді. Тек екінші кезеңнің сыртқы дуалы қамал салу архитектурасының, яғни сол кездең хорезмдік тәсілдерінің зандалықтарын сақтаған. Олар – пахса үстіне кірпіштен қаланған қабырға, оқ ату көздері.

Сонымен қазба жұмыстары нәтижесінде Бұланды I корған ішіндегі үлкен үй деген тұжырым нақтыланбады. Әйткені ескерткіштің біз зерттеген оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс бөліктерінде күрделі түрғын үйлер, баспаналар табылмады. Мүмкін ол ауласы үлкен мекен-жай болған шығар. Бұл мекен-жай қоныстың орталығы және жергілікті қауымның өмір сүрген орны болып орналасуы сөзсіз. Бұндай мекен-жай азықтүлік сақтайтын қойма қызметін атқарып, керек кезінде берілмес бекініс орнына айналған [3].

Алыштың қорғаны. Қамалдың кирандылары ең алғаш 1946 жылы С.П.Толстов жетекшілігімен жүргізілген Хорезм экспедициясының авиабарлау жұмыстары нәтижесінде табылған болатын. Кейін бұл аймакқа 2005 ж. Шірік работ археологиялық экспедициясымен қайта жанданып координаттары алынды. N 45°22'47.6" TRIP 38.8 E 063°00'32.3" ALT 92 [4].

Қамал төбешікте орналасқан, жан-жағы тоғысып жаткан ірі құрғақ арналармен қоршалған. Қабырғалардың төрт бұрышы төрт бағыт бойынша жақсы сакталған. Өлшемі – 45x47 м, яғни шаршы қатарына жатқызуға болады. Жақсы сакталған жерлердегі қабырғалардың қалындығы 5 м-ге дейін жетеді, қабырғада кең көлемді атқыш-



2-сурет. Алыштың қорғаны

тар (стрелковой) галереясының болғандығы анықталды, бірақ көзі ол сақталмаған. Қазіргі сақталған қабырғаның биіктігі 4 м-ден 6 м-ге дейін жетеді. Қабырғаның құлаған жерлерінен қалау техникасын анықтауға мүмкіндік берді, горизонтальды қабатпен кірпіш қаландылары мен 10-12 см-ден 20 см-ге дейін жететін қалың соқпа саз (пахса) қабаты болғандығы анықталды (2-сурет).

Шикі кірпіштер мынадай өлшемдерде: ұзындығы – 49-49,5 см., ені – 26-27 см қалындығы – 8,5-9 см. яғни, тікбұрышты, жетіасар антикалық пропорциясына сәйкес келеді [5].

Жетіасар ескерткіштер топтарымен ұқсастығы және жоғарыда сипатталған қаландыларға келеді [6], Алып қамалдың жалпы жобасы Жеті-асар қалаларының екінші түрі – ішкі құрылышсыз қамал (оның ішінде, Жеті-асар №4 және №8) құрылышына сәйкес келеді. С.П.Толстов бұларды «жартылай қөшпелі» жер шаруашылығымен байланысты қалашық – паналайтын жер ретінде карастырады [7].


Жеті-асар қалаларының екінші түріне қарағанда Алып қамалдың қабырғаларында мұнаралар жоқ және барлық периметр бойынша аздаған ұзын оқ ату жерлері (бойницалар) ғана кездеседі, олар қамал ішіндегі жер деңгейінен 3,5 м биіктікте және бір-бірінен 1,5 м қашықтықта орналаскан.

Қамалдың ішкі ауданында ешқандай құрылыш белгілері кездеспейді. Қалашықтардың жәдігерлері, Жетіасар тобының қалашықтарына ұқсас келеді, өте жұпымыны және қыш ыдыстар сирек кездеседі.

Қаланың солтүстік-батыс бұрышынан 300 м жерде (азимут 235) кен арық жүріп жатыр, бұл арықтар СШ-ОБ бағытына қарай жүріп жатыр. Арық терең емес, күрғак өзен арнасы бойынша ені 20 м-ге дейін жетеді. Бірақ жанындағы жалдар анық көрінбейді, кейбір жерлерде еміс-еміс байқалып жатыр. Осыған байланысты С.П.Толстовтың жетіасарлықтардың ирригациясы жөнінде ескертулерін еске түсіру кажет, «өте қолайсыз су жинағының қайнарқозіне, табиғи су ағымдарымен байланысқан» [8].

Арықтың жағалауынан қыш ыдыстардың аздаған саны кездесті, олар да Алып ескерткіштеріне ұқсас.

Қабыл қорғаны (Шагырлы). Қамалдың киран-дилары ең алғаш 1946 жылы С.П.Толстов жетекшілігімен жүргізілген Хорезм экспедициясының авиабарлау жұмыстары нәтижесінде табылған болатын. Кейін бұл аймакқа 2006 ж. Шірік работ археологиялық экспедициясымен қайта жанданып координаттари алынды. Координата-



3-сурет. Қабыл қорғаны

сы: N 44°28'17.6" TRIP 43.2 E 062°54'23.6" ALT 87 [9].

Қабыл қорғаны Жусалы бекетінен онтүстік-батысқа қарай 155 км жерде. Қемекбаев ауылынан батысқа қарай 47 км және Шірік рабаттан солтүстікке қарай 45 км жерде орналаскан. Қорғанның терісқей батыс жағы үлкен-үлкен сайлардан тұрады. Ал онтүстікке қарай егістік дала орындары бар. Кішігірім үйлерде осы жақ беткейінде топтасқан. Солтүстігінде қалың құмды алқап жатыр.

Қамал жобасы дұрыс тік бұрышқа сәйкес (55x50 м). Онтүстік-шығыс қабырғада алғашқы құрылышспенен қакпа орнатылған, төменгі жағынан бастап тақырында балшықты пандустар кетеді. Қабырғалар 4-5 м биіктікте сақталған, олар пахсалардың төменгі жағында орналасқан, одан жоғары қарай шикі кірпіштер орналасқан. Қабырғаларда оқ ату жерлерінің (бойница) екі түрлері бар, олар шахмат тәртібі бойынша орналасқан, кірпіш қаландылары оқ ату жерлерінің төменгі жебе тәрізді шетінен бастап әрі қарай жалғаса береді (3-сурет). Қамалдың ішкі жобасын анықтау мүмкін болмады.

Қамалдың сыртқы көрінісі Джанабас-кала (б.з.б. IV ғ.) антикалық хорезмдік қамалын еске түсіреді және біз хорезм сөүлетшілерінің варварлармен архитектуралық және фортификациялық әдістерді алмасу және өндөдеуде өзара қатынаста болғандығынан дәлелдің үлгісі алынып отыр.

Табылған материалы бойынша ескерткіш Шірік рабат мәдениетіне жатады. Бірақ бұл жерде қазіргі кезде Жетіасар керамикасы кездеседі, өйткені Қабыл қала ескерткіштері Қуандария аумағында және Сырдарияның шығыс жақ көне ағыстарында жетіасар мәдениеті аймағымен көршілес жерде орналасқан [10].

Іңкәрқала бекінісі Қызылорда қаласынан 225 км оңтүстік-батыста орналасқан. Шірік рабат қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 6 км жерде, құрғап қалған Іңкәрдария өзенінің сол жағалауында орын тепкен. Бекіністі Хорезм экспедициясы (Толстов С.П.) ашқан. Кейін 2005 ж. Шірік рабат археологиялық экспедициясы координаты мен фортификациясын анықтады. Координаты N 44° 03' 27, 1" E 062° 58' 24, 1" Қала пішіні төртбұрышты, көлемі – 35x35 м, биіктігі – 2 м. Осыған жалғастырыла жал жатады. Биіктігі – 1,5-1,7 м. Шыға беріс қакпасы оңтүстік-шығыс бұрышында. Қаланың солтүстік жағында арна ізі анықталды. Арнаны жағалай үйлердің орны тізбектеле орналасқан. Барлау барысында табылған моншақтар, қола бұйымдар мен қыш ыдыс сыйнқтарына қарағанда, мерзімі б.з.д. I мыңжылдықтың аяғына жатады [11].

Қарабас бекінісін 2006 ж. Шірік рабат археологиялық экспедициясы ашып координаты мен жоспарын анықтады. Координаты: N 44°05'45, 0" E 062°47'32, 7" Шірік рабаттан батысқа қарай 9,5 км жерде орналасқан. Қала қабырғаларының ұзындықтары – 130, 15, 105, 40 м. Қоршаған дудалдардың қалындығы – 1,5-2 м., биіктігі – 1,5-2 м. Бекіністі жеті мұнара сақтаған. Оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан төртбұрышты болып келген үлкен мұнараның өлшемі – 10x10 м. Қамалдың оңтүстік-шығыс бұрышында көлемі 20x10 м болатын құрылыш орны анықталды. Қакпасы батыс қабырғасында, оңтүстік бұрышына жақын орналасқан. Табылған қыш ыдыс сыйнқтарына қарағанда, мерзімі б.з.д. I мыңжылдықтың аяғына жатқызылды [12].

Шірік 3 бекінісі ең алғаш 1946 жылы С.П. Толстов жетекшілігімен жүргізілген Хорезм экспедициясының авиабарлау жұмыстары нәтижесінде табылған. Шірік рабат қаласынан батыс бөлігіне қарай Жаңадарияның келесі бетінде Шірік 3 деп аталатын бекіністі қамал қатар орналасқан.

Бекіністі қамалдың жоспары төртбұрышты болып келген, бұрыштары дөнгелене келген. Қөлемі – 108x122. Қабырғаның қазіргі сақталған биіктігі – 1,5 м, ені – 3 метр болады. Қабырғада оқ ату тесіктері орналасқан, Оқ ату тесіктері қабырғаның негізінен бастап 1,2 метр биіктікте орналасқан, ал ішкі тесіктерінің биіктігі 45-50 см атқыш бекіністерімен бірге сонымен қоса атқыш тесіктерінің асты қабырғаның сырт бетіне қиғаштанып келеді. Атқыш тесіктерінің биіктігі сыртқы тегіс қабырғадан 1,3 метр. Оқ ату тесіктері бір катарда орналасқан, олардың арақашықтары 1,95 метрден келеді. Кеністіктің ішінде қамал қабырғаларымен қоршалған және құрылыштың орындары бар. Шурфтан алынған археологиялық заттай деректер Шірік рабат кешеніне жатады [13].

Сонымен сипатталған бекіністі қамалдарды салу кезінде шикі кірпіш (соқпа саз, жұмбаздалған саз) құрылыштың басты материалы болып келеді. Жалпы аралас материалдан түрғызылған құрылыштар жиі кездеседі. Кей кездерде сокпа сазбен қабырғалар да түрғызған, ол кезде құрылышта сокпа саз қабырғаларын көбінесе бірнеше кірпіш қабырғаларымен алмастырып отырып қалаған. Шикі кірпіштің пішіні мен көлемі әртүрлі болып кездеседі: төртбұрышты, тікбұрышты және трапецияланған болып келген. Құрылыш материалдар туралы толық мәліметтер Орталық Азияның оңтүстігінде қола дәүірінің сонынан бастап мәлім [14], сонымен қоса Түгісken мен Жетіасар кесене құрылыштарында қолданылған.

Шірік рабат ескерткіштерінің құрылыш архитектурасын көршілес Хорезм материалдарымен салыстырғанда біраз өзгешеліктер мен ұқсастықтар байкалады, құрылыш заттарына байланысты айтатын болсақ, Хорезмде архаикалық кезенде тікбұрышты кірпіштер бар – бірақ ол 50x25 см стандарты болып келеді, бірақ Сырдария маңында кездесе қоймайтын стандарттағы кірпіш. Ал құлымға келетін болсақ, онда да солай Хорезмнің өзгешелігі құрылыштарының қорғаныс жүйесінде. Бұланды қамалының қабырғасындағы атқыш тесіктері Жанбасқалдағы атқыштар тесігіне ұқсас келеді [15]. Және осылардың барлығына түп тұлға ретінде Бактрия құрылышының қорғаныс жүйесін атап кетуге болады, ондағы көне уақыттағы Балх оазисіндегі қорғаныс қабырғасының ұқсас пішіні тіркелген және сонда атқыштардың белгісіз «жебелері» кездескен олар Шірік рабат мәдениетіне жақсы танымал [16]. Жаңадариядағы монументалды ғимараттар мен қамалдарының құрылыштарын Орталық Азияның оңтүстігінен келген шеберлер мен

қолөнершілері қатысып салғандығы осы деректердің барлығы шындықты дәлелдейді, ал Хорезмнің ықпалы шамалы ғана тиғенін өзімізде осы құнды деректерден байқап отырмыз. Көбіне үқсас бейнелерді қыш ыдыстары мен қыш сыйыктарынан байқай аламыз.

Сонымен Арал өнірінің ертедегі қалалары мен тұрақтарында бекіністік құрылыштар тұрғызуда өртүрлі бағыттар болған. Ол – корған-қамалдарды тұрғызу әдістерінің бүрынғы құрылыштық дәстүрін сактай отырып дамыды. Мұнда «таспалап қалау» және «аралас», «сокпалық-баспалдақ», «қам және қыш кірпіштермен» қалау арқылы салынды. Сондай-ақ қорғаныстың жүйесі мен орналасу жер жағдайына байланысты бекіністілігі орын алған.

Бұндай бекіністі қамалдар қоныстың орталығы және жергілікті қауымның өмір сүрген орны болып орналасуы сөзсіз. Бұндай мекен-жай азық-түлік сактайдың қойма қызметін атқарып, керек кезінде берілмес бекініс орнына айналған. Осындағы ғимараттар Хорезмнің ерте антикалық кезеңінде кең тараған (Курғашин, Аязқала қоныстары). Осындағы қамал-мекендер Інкөрдария мен Жанадария бойында көп кездеседі.

ӘДЕБІЕТ

1. *Андрianов Б.В.* Древние оросительные системы Приаралья. М. 1969. С. 200.

2. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, с. 172-174.
3. Утубаев Ж. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық Ғылымдар сериясы 1(254) қантар-ақпан 2008. Алматы, НАН РК. С. 121-124.
4. Курманкулов Ж., Тажекеев А. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С.219.
5. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М., 1948. С. 126.
6. Бұл да сонда. – С. 131.
7. Бұл да сонда. – С. 131-136.
8. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М. 1948. С. 136.
9. Курманкулов Ж., Тажекеев А. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 220.
10. Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикрабатская культура. Низовья Сырдарьи в древности. Выпуск 1. М., 1993. С. 31-32.
11. Тажекеев А. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 223.
12. Тажекеев А. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 226.
13. Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикрабатская культура. Низовья Сырдарьи в древности. Выпуск 1. М., 1993, С. 22-23.
14. Массон В.М. Древноземледельческая культура Маргианы МИА. М-Л., 1959. С. 14-73.
15. Толстов С.П. Древний Хорезм М., 1948. С.88.
16. Пугаченкова Г.А. К познанию античной и раннесредневековой архитектуры Северного Афганистана // Древняя Бактрия. М., 1976. С.137-140.